

**Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының 2008 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттер төлеу туралы шешім қабылдау және Самұрық-Қазына ұлттық әл-ауқат қоры акционерлік қоғамының бір жай акциясына шаққандығы дивиденттің мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 наурыздағы № 239 Қаулысы

«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 ақпандағы Заңының 9-бабы 3-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 23 мекен-жайында орналасқан, деректемелері: салық төлеушінің тіркеу нөмірі 620200333937, «Қазақстанның Халық Банкі» акционерлік қоғамындағы жеке сәйкестендіру коды 034467207, Астана қаласы, банктік сәйкестендіру коды 195301603, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) қаржылық есептілігіне сәйкес Қордың 352336455000 (үш жүз елу екі миллиард үш жүз отыз алты миллион төрт жүз елу бес мың) теңгені құрайтын 2008 жылғы таза табысын бөлудің тәртібі:

8645160000 (сегіз миллиард алты жүз қырық бес миллион бір жүз алпыс мың) теңге - дивиденттер төлеуге жіберілсін;

343691295000 (үш жүз қырық үш миллиард алты жүз тоқсан бір миллион екі жүз тоқсан бес мың) теңге - инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру, борыштық міндеттемелерді өтеу және активтер сатып алу үшін Қордың және оның компанияларының иелігінде қалдырылсын;

2) Қордың бір жай акциясына шаққанда 2008 жылғы дивиденттің мөлшері 2 (екі) теңге 52 (елу екі) тиын.

2. Дивиденттер төлеу басталатын күн - осы қаулыға қол қойылған күн белгіленсін.

3. Дивиденттер төлеу 10 (он) жұмыс күні ішінде республикалық бюджетке 201301 бюджеттік сыныптама коды бойынша қолма-қол емес аудару жолымен ақшалай нысанда жүргізілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК